

# Ерекше дарын иесі



**Қастерлі қазақ топырағында талай ұлы ғұламалар мен рухты батырлар, өнер мен мәдениет, ғылым мен білімнің алыптары дүниеге келген. Теңіздің ақбура толқынындай тулаған ұлттық тарихымызды жандандырып отырған да сол тұлғалардың, алпауыт данышпандардың арқасы екені даусыз. Осындай Арқаның төрінде туған қазақтың аса көрнекті ақыны, сатирик, публицист, Алаш қайраткері, жерлесіміз Сәбит Дөнентаевтың туғанына биыл 125 жыл толады.**

*Кетуге су түбіне тұрмын таяу,*

*Қолымның қай тал жақын қармауына?* - деп ақын халықтың ауыр да аянышты тұрмысын, қиналып күйінген халін, өз сезімін де қоса айтып отырғандай. Сондай-ақ, Сәбит поэзиясында сырттай жарқылдақтық, асқақ лептілік жоқ. Ол өмір шындығын боямасыз қалпында, реалистік сарында суреттейді. Ақын ойға жомарт, сөзге сараң болуға көп көңіл бөлген. Сәбит өздігінен ізденудің арқасында татар әдебиетімен танысады, Абай шығармаларына ден қояды. «Айқап» журналын үзбей алып тұрады. Орыс әдебиетін, әсіресе Крылов мысалдарын қызыға оқиды.

1913 жылы «Айқап» журналында С.Дөнентаевтың «Қиялым» деген тұңғыш туындысы жарияланады. 1915 жылы Уфа қаласында «Ұсақ-түйек» деген атпен шыққан өлеңдерінің алғашқы жинағы жарық көрді.

С.Дөнентаевтың ақындық қызметі екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңі - 1912-1918 жылдар арасы, екінші кезең - кеңес дәуіріндегі шығармашылығы, яғни 1918-1928 жылдар арасы.

Ақынның «Заман кімдікі», «Досқа», «Замандастарға», «Балалық» және т.б. өлеңдері халықтың азаттыққа ұмтылу арманын суреттейтін реалистік шығармалар болды.

С.Дөнентаевтың кеңес дәуіріндегі өлең-жырларында өмір шындығы жан-жақты кеңінен қамтылған. Ақын қазақ әдебиетінің өткір сатиралық стильді қалыптастырған ірі суреткер ақын ретінде танылды. Жазушы 1933 жылы Семей қаласында дүние салып, сол жерде жерленген.

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада ақын мерейтойына байланысты шаралар ұйымдастырылуда. Аудандық кітапханалармен бірлесіп, атақты жерлестеріміз, ұлы тұлғалардың шығармашылығын насихаттау мақсатында жасалған «Тұлға. Кітап. Заман» жобасы іске асуда.

23 мамыр күні облыстық кітапхана Ақсу қалалық кітапханасымен бірлесіп ақынның 125 жылдығына арналған «Ұрпағыма айтарым» әдеби кеш ұйымдастырылды.

Өз заманының шындығын, ұлттық мұрат пен руханият ісінің көкейкесті мәселелерін шығармаларында шеберлікпен көрсете білген Сәбит Дөнентаевтың әрбір туындысы - сол уақыттың бүгінге жеткен тарихы.

**С.ЖАНҒАЗИНОВА,**

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың ақпараттық библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі.

Сәбит Дөнентаев 1894 жылы Семей облысының Павлодар уезі Ақсу болысында дүниеге келген. Әкесі Дөнентай кедей еді. Руы - Арғын ішінде Бәсентіин. Ақын ауыл молдасынан хат таныған, жастайынан халықтың аш-жалаңаш тұрмысына налып өскен зөрек жас кейін тұтас халықтың қамын жеген ұлы тұлғаға айналады. Қасымқажы Ертісбаевтың медресесін бітірген соң өлең жаза бастады. Оның поэзиясы терең мазмұнды, ойлы болумен бірге көркөмдік қырларымен, өзіндік өзгешеліктерімен де ерекшеленеді. Ең алдымен ақынның көптеген өлеңдерінде нақтылық, сипат, тұжырымдылық басым. Оның поэзиясының тілі таза, қарапайым және сонымен бірге бейнелі де көркем. Мысалы, ақынның «Менің халім» деген өлеңінде:

*Кез келіп арыстанның арбауына,  
Тап болдым қу түлкінің алдауына.  
Бірі ойнап, бірі шыңдап, итермелеп,  
Тықсырды жердің биік жарлауына.*

*Бірі айдап, бірі тартып түсіргенде,  
Болар ма менің сынып қалмауыма?*